

**Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сыйлығы туралы**

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 30 шілдедегі N 949.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 14 қыркүйектегі N 806 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 14
қыркүйектегі N 806 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сыйлығы туралы Ереже;

Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссия туралы Ереже бекітілсін;

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Әдебиет, өнер және сәулет
саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі
комиссия 1-қосымшаға сәйкес құрамда құрылсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес (2-
қосымша) кейбір шешімдерінің күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 30 шілдедегі

N 949 қаулысымен

бекітілген

**Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік сыйлығы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік сыйлығы (бұдан әрі - Мемлекеттік сыйлық) әдебиет, өнер және
сәулет саласындағы отандық мәдениетті дамытудағы құнды үлес деп танылған
шығармалар үшін мемлекеттік көтермелеу нысаны болып табылады.

2. Мемлекеттік сыйлық беру дегеніміз оған тағайындалған адамдарға ғұмыр бойына "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты" атағын беруді, диплом, құрмет белгісін, белгіленген нысандағы куәлікті тапсыруды және бір жолғы атауды ақшалай сыйақы төлеуді білдіреді.

3. Мемлекеттік сыйлықты тапсыру салтанатты жағдайда өтеді. Мемлекеттік сыйлықты тапсыру салтанаты Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік Күніне орайластырылады.

4. Мемлекеттік сыйлықтың ақшалай сыйақысының мөлшерін Мемлекеттік сыйлық берілетін жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

5. Мемлекеттік сыйлық екі жылда бір рет 10 атауда беріледі.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚРҰ-нің 1996.12.24. N 1599 қаулысымен .

6. Мемлекеттік сыйлық алуға жұмыстарды қабылдау аяқталғанға дейін бес жылдан аспайтын уақыт бұрын және кемінде бір жыл бұрын ашық жарияланымға арналып орындалған жеке және ұжымдық авторлардың дайын интеллектуалдық өнім бірлігі түріндегі шығармалары ұсыныла алады.

7. Мемлекеттік сыйлық алуға бір жұмыс қайтадан ұсынылмайды. Бір кандидатура Мемлекеттік сыйлыққа бір саладан артық, сондай-ақ жұмыстар жиынтығы бойынша ұсынылмайды. Авторлар ұжымы құрамына кіретіндерді қоспағанда, авторлар қайтыс болғаннан кейін Мемлекеттік сыйлыққа ұ с ы н ы л м а й д ы .

Ескерту. 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2002.11.08. N 1599 қаулысымен .

8. Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылатын жұмыстардың авторлары ұжым болса, ұсынылатын адамдардың құрамына тек негізгі және шын мәніндегі авторлар енгізіледі және олардың саны 5-тен аспауға тиіс.

9. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары шығармашылық одақтар, ұйымдар Мемлекеттік сыйлықты алуға ұсыну құқығына ие.

10. Шығармалар мен жұмыстарды ұсыну тәртібі, оларды қабылдау, сараптамадан өткізу мен іріктеу, талқылау мен Мемлекеттік сыйлыққа ұсыну туралы шешім қабылдауы Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан Республикасының Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комиссия жүзеге асырады.

11. Мемлекеттік сыйлық алу конкурсына қатысатын жұмыстар бұқаралық ақпарат құралдарында көрсетілуге және талқылануға жатады. Талқылау материалдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Қазақстан

Республикасының Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Мемлекеттік сыйлықтар жөніндегі комиссиясына жіберіледі және конкурстық іріктеу кезінде ескеріледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 3 0 ш і л д е д е г і

№ 9 4 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан
Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары
жөніндегі комиссиясы туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссия (бұдан әрі - Комиссия) сарапшы-кеңесші орган болып табылады және әдебиеттің, өнер мен сәулеттің беделді қайраткерлерінің арасынан құрылып, өз қызметін қоғамдық бастамашылық негізінде жүзеге асырады. Комиссияның жеке құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі Мемлекеттік сыйлық берілетін жылы бекітеді.

Комиссияның құрамы 60 адамнан аспауға тиіс.

2. Комиссияның жұмысын оның төрағасы басқарады.

3. Комиссия өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес:

Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылған жұмыстардың алдын ала қаралуын, оларды ұсыну тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді;

жұмыстарды іріктейді және оларды конкурсқа қатысуға жіберу туралы ұсыныстар енгізеді, баспасөзде авторлары мен ұсынған ұйымдарын көрсете отырып, конкурсқа жіберілген еңбектердің тізімін жариялайды, жұмыстардың кең және ашық талқылануын ұйымдастырады;

конкурсқа жіберілген жұмыстарды қарайды, Комиссияға түскен материалдар мен құжаттарды зерделейді, сыйлықтарды тағайындау туралы шешім қ а б ы л д а й д ы ;

Мемлекеттік сыйлық лауреаттарының дипломдарын, куәліктері мен құрмет белгілерін ресімдейді.

4 . К о м и с с и я ғ а :

Мемлекеттік сыйлық беруге ұсынылған жұмыстарды алдын ала қарау, олар бойынша қорытындылар мен ұсынымдар әзірлеу үшін әдебиет, өнердің, көркем шығармашылықтың тарихы мен теориясының жекелеген салалары бойынша

секциялар мен сараптау комиссияларын құруға;
жұмыстарды рецензиялауға әдебиет пен өнер, көркем шығармашылықтың тарихы мен теориясы саласынан мамандар тарту;

Комиссия мүшелерін, сарапшылар мен сараптау комиссияларын сахна қойылымдарымен, монументальдық өнер, сәулет туындыларымен және басқа да жұмыстармен орналасқан жерінде танысу үшін жіберу құқықтары беріледі.

5. Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылған жұмыстарды Комиссия екі кезеңде қарайды. Бірінші кезеңде сыйлықтар алу конкурсына қатысатын жұмыстар іріктеледі, екінші кезеңде - Төралқа үш секцияның бірлескен мәжілісінде әрқайсысымен сыйлық беру туралы шешім қабылдайды.

Жұмыстарды алдын ала іріктеу туралы шешімді Комиссия жай көпшілік ашық дауыс беру арқылы қабылдайды.

Мемлекеттік сыйлық беру туралы шешім жасырын дауыс беру арқылы қабылданады. Мемлекеттік сыйлық беру үшін мәжіліске қатысушылардың кемінде 3/4-і жұмысты жақтап дауыс беруге тиіс. Комиссия мен оның секцияларының мәжілістері олардың құрамының кемінде 2/3-і оған қатысқанда заңды болып табылады.

Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.12.24. N 1599 қаулысымен.

6. Комиссия мүшесінің жұмысы Мемлекеттік сыйлық алуға ұсынылған жағдайда, оның авторы секциялар мен Комиссияның мәжілістерінің жұмысына қатыспайды.

7. Комиссия бұқаралық ақпарат құралдарында Мемлекеттік сыйлық алуға жұмыстарды ұсыну тәртібі мен мерзімдері туралы хабарландыруларды, авторлары мен ұсынған ұйымдарды көрсете отырып, конкурсқа қабылданған жұмыстардың тізімін жүйелі түрде жариялайды, сондай-ақ өзінің ағымдағы жұмысы туралы хабарлап отырады.

8. Мемлекеттік сыйлық беру туралы шешімді Комиссия жасырын дауыс беру нәтижелері бойынша қабылдайды және ол Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен соң күшіне енеді. Мемлекеттік сыйлық беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы баспасөзде Қазақстан Республикасының Тәуелсіз Күніне қарай жарияланады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 6 ж ы л ғ ы 3 0 ш і л д е д е г і

№ 9 4 9 қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 1998.10.27. N 1085 , 2000.10.16. N 1529 , 2002.10.09. N 1099 , 2004.10.28. N 1110 , 2004.12.08. N 1283 , 2006.06.27. N 588 , 2006.10.31. N 1030 қаулыларымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комиссияның құрамы

Төралқа:

- Ертісбаев - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрі, төраға
- Ермұхамет Қабиденұлы және ақпарат министрі, төраға
- Әлиев - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министрі, төрағаның орынбасары
- Арыстанбек Мұхамедиұлы және ақпарат вице-министрі, төрағаның орынбасары
- Шаймерден - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Тарихи-мәдени мұра департаментінің директоры, хатшы
- Ербол Шаймерденұлы
- Вовнянко - "Қазақстан Республикасының кинематографистер одағы" қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
- Игорь Александрович
- Ерғалиева - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны бейнелеу өнері бөлімінің меңгерушісі, өнертану докторы, ЮНЕСКО жанындағы Халықаралық көркемдік сыншылар қауымдастығының мүшесі
- Райхан Әбдешқызы
- Кекілбаев - Қазақстан Республикасының халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
- Әбіш
- Қирабаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан
- Серік Смайылұлы

Республикасы Мемлекеттік

сыйлығының лауреаты

Молдағалиев - Қазақстан Республикасының халық
Тұманбай жазушысы, Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Мұсаходжаева - Қазақстан Республикасы Білім және
Айман Қожабекқызы ғылым министрлігі "Қазақ ұлттық музыка
академиясы" мемлекеттік мекемесінің
ректоры, әлем әртісі, Қазақстан
Республикасының халық әртісі,
Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Оразбаев - Қазақстан Республикасының халық
Сәбит Қоңырбайұлы әртісі, Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Оразалин - "Қазақстан Республикасының
Нұрлан Мырқасымұлы Жазушылар одағы" қоғамдық бірлестігі
басқармасының төрағасы,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

сыйлығының лауреаты

Рүстембеков - "Қазақстан Республикасының
Ақмырза Исаұлы Сәулетшілер одағы" қоғамдық
бірлестігінің президенті,
Қазақстан Республикасының еңбек

сіңірген сәулетшісі

Щеголихин - Қазақстан Республикасының халық
Иван Павлович жазушысы, Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Әдебиет секциясы

Қасқабасов - Қазақстан Республикасы Білім және
Сейіт Асқарұлы ғылым министрлігі "М. Әуезов атындағы
әдебиет және өнер институты"
республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының директоры, әдебиеттанушы,
Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым

академиясының академигі, Қазақстан
 Республикасы Мемлекеттік
 сыйлығының лауреаты, секция төрағасы

Әбдіков - жазушы, Қазақстан Республикасы
 Төлен Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
 Айтқожина - ақын, Қазақстан Республикасы
 Марфуға Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
 Әуезов - Қазақстан Республикасы Мәдениет
 Мұрат Мұхтарұлы және ақпарат министрлігі "Қазақстан
 Республикасының Ұлттық кітапханасы"
 мемлекеттік мекемесінің директоры,
 әдебиет сыншысы, филология
 ғылымдарының кандидаты

Бельгер - жазушы, Президенттік бейбітшілік және
 Герольд Карлович рухани келісім сыйлығының лауреаты
 Есдәулетов - ақын, "Қазақ әдебиеті" газетінің бас
 Ұлықбек Оразбайұлы редакторы, Қазақстан Республикасы
 Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
 Жұмаділов - Қазақстан Республикасының халық
 Қабдеш жазушысы, Қазақстан Республикасы
 Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
 Кәкішев - профессор, филология ғылымдарының
 Тұрсынбек докторы
 Күлкенов - жазушы, "Қазақ газеттері"
 Мереке Әбдешұлы жауапкершілігі шектеулі
 серіктестігінің директоры
 Мағауин - Қазақстан Республикасының халық
 Мұхтар жазушысы, "Жұлдыз" журналының бас
 редакторы, Қазақстан Республикасы
 Мемлекеттік сыйлығының лауреаты
 Михайлов - ақын, "Простор" журналының бас
 Валерий Федорович редакторы
 Мұқай - жазушы-драматург, Қазақстан
 Баққожа Республикасы Мемлекеттік сыйлығының
 лауреаты
 Мұртаза - Қазақстан Республикасының халық
 Шерхан жазушысы, Қазақстан Республикасы
 Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Мырза-Әли - Қазақстан Республикасының халық
Қадыр Ғинаятұлы жазушысы, ақын, Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Негімов - сыншы, филология ғылымдарының
Серік докторы

Нұрпейісов - Қазақстан Республикасының халық
Әбдіжәміл жазушысы, қазақстандық пен-клубтың
президенті, Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Сейдімбек - жазушы, Қазақстан Республикасы
Ақселеу Сланұлы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Музыка, театр және кино секциясы

Рахмадиев - КСРО халық әртісі, Қазақстан
Еркеғали Рахмадиұлы Республикасы Мемлекеттік сыйлығының
лауреаты, секция төрағасы

Әбдірашев - Қазақстан Республикасы Мәдениет
Төлепберген және ақпарат министрлігі "Жамбыл
атындағы Қазақ мемлекеттік
филармониясы" республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Мемлекеттік академиялық симфониялық
оркестрінің көркемдік жетекшісі және
бас дирижері, Қазақстан
Республикасының халық әртісі,
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты

Әлпиев - Қазақстан Республикасы Мәдениет
Төлеубек Нығметұлы және ақпарат министрлігі
"К. Байсейітова атындағы ұлттық
опера және балет театры" республикалық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
директоры, Қазақстан Республикасының
еңбек сіңірген қайраткері

Андриасян - Қазақстан Республикасы Мәдениет
Рубен Суренович және ақпарат министрлігі "М. Лермонтов
атындағы Мемлекеттік орыс академиялық
драма театры" республикалық мемлекеттік

казыналық кәсіпорнының көркемдік жетекшісі, Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Әубәкірова

Жәния Яхияқызы

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы" мемлекеттік мекемесінің ректоры, Қазақстан Республикасының халық әртісі, профессор, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының

лауреаты

Әшімов

Асанәлі

- Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Капустин

Юрий Николаевич

сіңірген әртісі

- Қазақстан Республикасының еңбек

Клушкин

Юрий Степанович

әртісі

- Қазақстан Республикасының халық

Нарымбетов

Сатыбалды

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

- кинорежиссер, Қазақстан Республикасы

Обаев

Есмұқан Несіпбайұлы

- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі "М. Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театры" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының директоры-көркемдік жетекшісі, Қазақстан Республикасының халық

әртісі, профессор

Тарази

Әкім Ұртайұлы

лауреаты

- жазушы-драматург, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының

Тілеухан

Бекболат Қанайұлы

- Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

сыйлығының лауреаты

Үсенбаева

Нұржамал

- Қазақстан Республикасының халық әртісі, Қазақстан Республикасы

Мемлекеттік сыйлығының лауреаты

Бейнелеу өнері және сәулет секциясы

- Төлепбай - Қазақстан Республикасының еңбек
Ерболат Тоғысбайұлы сiңiрген қайраткерi, Ресей суретшiлер
академиясының академигi, Сальвадор
Дали сыйлығының лауреаты, Қазақстан
Республикасы Мемлекеттiк сыйлығының
лауреаты, секция төрағасы
- Әбiшев - мүсiншi, "Қазақстан Республикасының
Бақыт Суретшiлер одағы" қоғамдық
бiрлестiгiнiң мүшесi
- Әлиев - кескiндемешi, Қазақстан Республикасы
Дулат Қапбарұлы Мемлекеттiк сыйлығының лауреаты
- Дүзелханов - кескiндемешi, Қазақстан Республикасы
Ағымсалы Мемлекеттiк сыйлығының лауреаты
- Зәуiрбекова - қолданбалы өнер суретшiсi, Қазақстан
Фатима Есмұратқызы Республикасы Мемлекеттiк сыйлығының
лауреаты
- Құмарова - өнертанушы, Қазақстан Республикасының
Сәбила Бекжанқызы еңбек сiңiрген қайраткерi, "Қазақстан
Республикасының Суретшiлер одағы"
қоғамдық бiрлестiгiнiң мүшесi
- Ли - өнертанушы, "Қазақстан Республикасының
Камилла Витальевна Суретшiлер одағы" қоғамдық
бiрлестiгiнiң жауапты хатшысы,
ЮНЕСКО жанындағы көркемдiк сыншылар
қауымдастығының мүшесi,
Халықаралық авторлар қауымдастығының
мүшесi
- Петрова - Қазақстан Республикасының еңбек
Альбина Анатольевна сiңiрген сәулетшiсi
- Өмiрбеков - Қазақстан Республикасы Мәдениет
Байтұрсын Есжанұлы және ақпарат министрлiгi "Қазақстан
Республикасының Ә.Қастеев атындағы
мемлекеттiк өнер музейi" республикалық
мемлекеттiк қазыналық кәсiпорнның
директоры

Чиканаев - сәулетші, "Қазақстан Республикасының
Аманжол Шаймерденұлы Сәулетшілер одағы" қоғамдық
бірлестігінің мүшесі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 30 шілдедегі

№ 949 қаулысына

2-қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің

ТІЗБЕСІ

1. "Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы туралы Ережені және Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитет туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 8 қазандағы № 841 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1992 ж., № 39, 583-құжат).

2. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Әдебиет, өнер және сәулет саласындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлықтары жөніндегі комитеттің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 20 қыркүйектегі № 1036 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., № 39, 425-құжат).

3. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 20 қыркүйектегі № 1036 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 желтоқсандағы № 1446 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., № 48, 541-құжат).

4. "Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің 1992 жылғы 8 қазандағы № 841 қаулысына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 желтоқсандағы № 1448 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., № 48, 543-құжат).